



Research on Theories and Concepts Related to Rural Poverty and Labor Migration

Anel A. Kireyeva¹, Makpal T. Kurmasheva^{2*}

¹*Institute of Economics CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan*

²*University of International Business named after K. Sagadiyev, Almaty, Kazakhstan*

For citation: Kireyeva, A.A. & Kurmasheva, M.T. (2025). Research on Theories and Concepts Related to Rural Poverty and Labor Migration. *Qainar Journal of Social Science*, 4(2), 27-45, <https://doi.org/10.58732/2958-7212-2025-2-27-45>

Abstract

Rural poverty and labor migration are interrelated socio-economic phenomena that determine the specifics of spatial inequality between urban and rural areas. Their mutual influence manifests itself through the rural population's limited access to resources, infrastructure, labor markets, and social services, which stimulates migration flows and at the same time creates new forms of vulnerability. The purpose of this article is to conduct a comprehensive theoretical analysis of the concepts of rural poverty and labor migration, identify key stages in the evolution of scientific approaches to these phenomena, and determine analytical gaps that require further research. The methodological basis of the study consists of historical-logical, systemic, and comparative-historical approaches, as well as methods of analysis and synthesis, classification, and structural-functional analysis. Based on these methods, the theoretical concepts of classical, egalitarian, sociological, and multidisciplinary schools have been systematized. The results of the analysis made it possible to identify consistent patterns in the understanding of the phenomenon of rural poverty and its relationship with migration processes, as well as to show the multidimensionality of these phenomena through the categories of vulnerability, exclusion, and deprivation. Particular attention is paid to the gender aspect of rural poverty, reflecting structural inequality between men and women in access to resources and employment. In the future, comparative empirical studies are needed to assess the impact of different types of migration on the dynamics of household poverty, including vulnerable groups, as well as the development of methodological approaches to measuring multidimensional rural poverty, taking into account gender differences.

Keywords: Rural Poverty, Labor Migration, Household Vulnerability, Social Exclusion, Social Problem, Gender, Gender Inequality

Ауылдағы кедейлік пен еңбек миграциясына қатысты теориялар мен концепцияларды қарастыру

Киреева А.А.^{1*}, Курмашева М.Т.^{2*}

¹ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, Алматы, Қазақстан

²Қ.Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, Алматы, Қазақстан

Дәйексөз үшін: Киреева А.А., Курмашева М.Т.(2025). Ауылдағы кедейлік пен еңбек миграциясына қатысты теориялар мен концепцияларды қарастыру. Қайнар әлеуметтік ғылымдар журналы, 4(2), 72-45, <https://doi.org/10.58732/2958-7212-2025-2-27-45>

Түйін

Ауылдағы кедейлік пен еңбек миграциясы қала мен ауыл арасындағы кеңістіктік теңсіздіктің ерекшеліктерін анықтайтын өзара байланысты әлеуметтік-экономикалық құбылыстар болып табылады. Олардың өзара ықпалы ауыл тұрғындарының ресурстарға, инфрақұрылымға, еңбек нарығына және әлеуметтік қызметтерге шектеулі қолжетімділігі арқылы көрінеді, бұл көші-қон ағынын ынталандырады және сонымен бірге осалдықтың жаңа нысандарын тудырады. Мақаланың мақсаты – ауылдағы кедейшілік және еңбек миграциясы ұғымдарына кешенді теориялық талдау жасау, осы құбылыстарға ғылыми көзқарас эволюциясының негізгі кезеңдерін анықтау және одан әрі зерттеуді қажет ететін аналитикалық олқылықтарды анықтау. Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи-логикалық, жүйелік және салыстырмалы-тарихи тәсілдер, сондай-ақ талдау мен синтез, жіктеу және құрылымдық-функционалдық талдау әдістері құрайды. Осы әдістердің негізінде классикалық, эгалитарлық, әлеуметтанулық және мультидисциплинарлық мектептердің теориялық тұжырымдамалары жүйелендірілді. Талдау нәтижелері ауылдық кедейшілік феноменін және оның көші-қон үдерістерімен өзара байланысын түсінудегі тұрақты заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, зерттеу бұл құбылыстардың көпөлшемді сипатын осалдық, әлеуметтік оқшаулану және депривация категориялары арқылы айқындауға мүмкіндік берді. Ауылдық кедейшіліктің гендерлік аспектісіне ерекше назар аударылып, ол ерлер мен әйелдердің ресурстар мен жұмыспен қамтылуға тең емес қолжетімділігін көрсетеді. Болашақта әртүрлі көші-қон түрлерінің үй шаруашылықтарының кедейшілік деңгейінің динамикасына әсерін бағалауға бағытталған салыстырмалы эмпирикалық зерттеулер жүргізу, сондай-ақ гендерлік айырмашылықтарды ескеретін көпөлшемді ауылдық кедейшілікті өлшеудің әдістемелік тәсілдерін әзірлеу өзекті болып табылады.

Түйін сөздер: ауылдық кедейлік, еңбек көші-қоны, үй шаруашылықтарының осалдығы, әлеуметтік шеттету, әлеуметтік проблема, гендер, гендерлік теңсіздік

Исследование теорий и концепций, связанных с сельской бедностью и трудовой миграцией

Киреева А.А.^{1*}, Курмашева М.Т.^{2*}

¹Институт экономики КН МНВО РК, Алматы, Казахстан

²Университет международного бизнеса им. Кенжегали Сагадиева, Алматы, Казахстан

Для цитирования: Киреева А.А., Курмашева М.Т. (2025). Исследование теорий и концепций, связанных с сельской бедностью и трудовой миграцией. Кайнар журнал социальных наук, 4(2), 72-45, <https://doi.org/10.58732/2958-7212-2025-2-27-45>

Аннотация

Сельская бедность и трудовая миграция представляют собой взаимосвязанные социально-экономические явления, определяющие специфику пространственного неравенства между городом и селом. Их взаимное влияние проявляется через ограниченный доступ сельского населения к ресурсам, инфраструктуре, рынкам труда и социальным услугам, что стимулирует миграционные потоки и в то же время формирует новые формы уязвимости. Целью статьи является проведение комплексного теоретического анализа понятий сельской бедности и трудовой миграции, выявление ключевых этапов эволюции научных подходов к этим явлениям и определение аналитических пробелов, требующих дальнейших исследований. Методологическую основу исследования составляют историко-логический, системный и сравнительно-исторический подходы, а также методы анализа и синтеза, классификации и структурно-функционального анализа. На основе этих методов проведена систематизация теоретических концепций классических, эгалитаристских, социологических и мультидисциплинарных школ. Результаты анализа позволили выделить устойчивые закономерности в понимании феномена сельской бедности и её взаимосвязи с миграционными процессами, а также показать многомерность этих явлений через категории уязвимости, эксклюзии и депривации. В статье уделено гендерному аспекту сельской бедности, отражающему структурное неравенство между мужчинами и женщинами в доступе к ресурсам и занятости. В перспективе необходимы сравнительные эмпирические исследования, направленные на оценку влияния различных видов миграции на динамику бедности домохозяйств, включая уязвимые группы, и разработку методических подходов к оценке сельской бедности с учётом гендерных различий.

Ключевые слова: сельская бедность; трудовая миграция; уязвимость домохозяйств; социальная эксклюзия; гендерное неравенство

Кіріспе

Соңғы он жылда Қазақстанда жаһандық үдерістер мен тәуекелдердің әсерінен ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жүзеге асты. Ел экономикасындағы қиындықтар COVID-19 пандемиясы мен әскери-саяси қақтығыстардың салдарынан күшейіп, әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын қайта қарау қажеттілігін туғызды. Шикізат пен мұнай бағасының төмендеуі табыстың азаюына, ал бұл өз кезегінде жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) қысқаруына әкелді. Теңгерімді модельдерді қолдана отырып даму үрдістерін болжау және жаһандық тәуекелдердің ықпалын бағалау кезінде басты мәселе — халық табысын тек ірі қалалар мен өңірлерде емес, шалғай ауылдық елді мекендерде де дәл анықтау міндеті алға шығады.

Қазақстан – ТМД елдерінің арасында 2000–2022 жылдар аралығында жүргізілген түрлі әлеуметтік-экономикалық реформалар нәтижесінде ауылдық елді мекендерде еңбек өнімділігі төмендеген санаулы мемлекеттердің бірі. Бұл үрдістің негізгі себептеріне еңбек ресурстарының көші-қоны, ауылдық жерлерде жұмыспен қамтудың әлсіз дамуы, инфрақұрылым нысандарының жеткіліксіздігі, негізгі қорлардың тозуы және әлеуметтік қолдау жүйесінің баяу дамуы жатады. Нәтижесінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы тежеліп, бұл өз кезегінде халықтың, әсіресе ауыл тұрғындарының кедейлік деңгейінің артуына әкеліп отыр. Қазіргі уақытта Қазақстан жұмыспен қамту мен халық табысының күрт төмендеу кезеңіне тап болып отыр. Мұндай кезеңді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше бірқатар елдер де бастан өткерген. Бұдан бөлек, ЕАЭО елдерінің көптеген қалалары мен өңірлеріндегі инфрақұрылымның қазіргі жағдайы да дағдарыстық сипатқа ие.

Көптеген Еуразиялық экономикалық одақ елдері өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын арттыруға ұмтылып, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған төрт маңызды міндетті шешуде:

(1) кедейлікті жою және қайыршылықты түпкілікті жою, бұл міндеттер *БҰҰ-ның Мыңжылдық даму мақсаттарына (БҰҰ МДМ)* енгізілген негізгі бағыттардың бірі болып табылады;

(2) халық табыстарындағы дифференциация деңгейін төмендету, яғни төмен табысты топтардың кірісінің неғұрлым жылдам өсуі есебінен табыс теңсіздігін азайту;

(3) сапалы денсаулық сақтау және білім беру қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету;

(4) қауіпсіз ауыз су мен жақсартылған санитарлық жағдайларға қолжетімділікті қамтамасыз ету. Сондықтан қазіргі қоғам дамуы жағдайында ауыл халқының әлеуметтік мәселелері айрықша өзектілікке ие.

Қазақстанда жұмыссыздық деңгейінің өсуі мен еңбек көші-қонының шамадан тыс артуы ауылдық қоныстардың кең аумаққа таралуымен тығыз байланысты. Әдетте, ірі қалалар мен өңірлік орталықтар ауылдық елді мекендерден едәуір қашық орналасқан. Бұл жағдай әлеуметтік тұрғыда ауыл халқының маргиналдануына, яғни қоғам өмірінен шеттетілуіне және тұрақты ауылдық кедейшіліктің қалыптасуына алып келді. Мұндай құбылыс Қазақстан

сияқты дамушы елдерге тән. Сонымен қатар, қалаға жаппай еңбек көші-қонын тежеудің тиімді шешімдері мен ұсыныстары әлі күнге дейін толық әзірленбеген, бұл өз кезегінде ішкі еңбек нарығындағы теңгерімсіздікті күшейтіп отыр.

Осылайша, халықтың кедейшілік мәселесі, әсіресе ауылдық елді мекендерде, қазіргі уақытта ұлттық әрі жаһандық деңгейде өзекті болып отыр. Әрбір мемлекет өздерінің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып, ауылдық кедейшілікті еңсерудің тиімді тәсілдерін іздеуде. Түрлі ғылыми зерттеулердің нәтижелері бұл мәселе бойынша нақты әлеуметтік-демографиялық шектердің жоқ екенін көрсетеді. Сондықтан бұл зерттеудің өзектілігі күмән тудырмайды және аталған салада мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатты қалыптастырудың негізі бола алатын нақты ұсынымдар әзірлеу қажеттілігі туындайды.

Осыған байланысты теориялық талдауда байқалған олқылықтың орнын толтыру мақсатында бұл зерттеудің негізгі мақсаты – ауылдық кедейшілік пен еңбек көші-қоны мәселелерін түсіндіретін ғылыми әдебиеттерге жан-жақты аналитикалық шолу жасау және осы құбылыстардың мәнін ашатын теориялық құрылымды ұсыну болып табылады.

Әдеби шолу

Ауылдық кедейшілік пен еңбек көші-қоны ұғымдарын түсіндірмес бұрын, алдымен осы терминдердің мәніне нақты анықтама беру қажет. Ауылдық кедейшілік ауыл тұрғындарының білім алу, инфрақұрылым нысандарына қолжетімділік, жұмыспен қамтылу мүмкіндіктері, денсаулық сақтау және қаржы ресурстарына қолжетімділігінің шектеулі болуынан туындайды. Еңбек көші-қоны, өз кезегінде, еңбекақы деңгейіндегі елеулі айырмашылық пен жұмыс орындарының жетіспеушілігі нәтижесінде қалыптасады. Осылайша, бұл ұғымдардың екеуі де мазмұны жағынан ортақ және маңызды белгілерге ие, сондықтан өзара тығыз байланысты құбылыстар ретінде қарастырылады.

Ауылдық кедейшілік пен еңбек көші-қоны мәселесін қою және оны зерттеу түрлі әлеуметтік ғылым өкілдерінің назарында. Кедейшіліктің мәнін және еңбек көші-қонының жекелеген аспектілерін түсінудің негізін классикалық саяси экономия мектебінің өкілдері – А. Смит, Ж. Прудон, Т. Мальтус, Д. Рикардо және Г. Спенсер қалады. Олар материалдық әл-ауқат үшін жауапкершілік деңгейі бар екенін және бұл әлеуметтік теңсіздік пен кедейшіліктің пайда болуын заңды құбылысқа айналдыратынын атап өткен. Мысалы, А. Смит «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу» атты еңбегінде байлықтың пайда болуы мен бөлінісін қарастыра отырып, әлеуметтік антагонизмнің алғашқы кезеңдерінде-ақ қоғамның мүліктік теңсіздікке жол беретінін және байлық иесіне ерекше билік беретінін көрсеткен (Smith, 1993).

Өз кезегінде, Ж. Прудон физикалық өмір сүру факторларымен қатар, адамның қоғамда қабылданған әлеуметтік стандарттарға сай болу қажеттілігін де ерекше атап өткен (Proudhon, 1998). Зерттеулерінде ол кедейшілікті екі түрге бөлді: абсолютті және салыстырмалы (немесе қатыстық) кедейшілік. Алайда Прудон қоғамдық байлықтың өсуін және дамыған елдердегі кедейшіліктің себептерін нақты түсіндіре алмады. Осыған байланысты Т. Мальтус «Халық саны заңы туралы

очерк» еңбегінде халық санының табиғи заңы кедейшілік пен қайыршылықтың негізгі себебі болып табылады және бұл құбылыстар болашақта да жойылмайды деп жазды (Malthus, 2001). Мальтус бойынша, қоғамның жекелеген топтарындағы байлық арифметикалық прогрессиямен өссе, халық саны геометриялық прогрессиямен артады. Мұндай теңсіздік нәтижесінде халықтың артықтығы мен азық-түлік тапшылығы пайда болып, кедейшілікке әкеледі. Осылайша, халық санының өсуі кедейлер үлесінің артуына ықпал етеді. Осыған орай, кедейшіліктің ауқымы аштық пен індеттер арқылы өзін-өзі реттейтін табиғи үдеріс ретінде қарастырылады (Malthus, 2001).

Кедейшілік феноменін түсіндіру мақсатында Д. Рикардо еңбек ақы қорының бар екендігі жөніндегі идеяны ұсынды, оның көлемі халық табысын, ал табыс өз кезегінде жұмысшы халқының санын айқындайды (Ricardo, 1990). Егер еңбек ақы қорының көлемі ұлғайса, табысы артқан жұмысшылар өз отбасында бала санын көбейте бастайды, бұл жұмысшы халқының өсуіне әкеледі. Алайда жұмысшылар саны артқан сайын, еңбек ақы қорының әрбір қызметкерге тиесілі үлесі азаяды. Соның салдарынан кейбір жұмысшылардың табысы төмендеп, бұл кедейшілік пен туу көрсеткішінің азаюына әкеледі. Уақыт өте келе бұл процесс қайтадан қайталанып, жұмысшылар санының қысқаруына байланысты табыстың өсуіне, ал кейін қайта төмендеуіне алып келеді. Нәтижесінде, қоғамдағы жұмысшылардың бір бөлігінің материалдық жағдайына қанағаттанбауы және кедейшіліктің күшеюі оларды неғұрлым қолайлы өмір сүру деңгейін іздеп, көші-қонға итермелейді.

Кейіннен Мальтус пен Рикардоның көзқарастары Г. Спенсердің ғылыми тұжырымдарына елеулі ықпал етті. Оның пікірінше, кедейшілік қоғамның өсуі мен дамуы барысында табиғи түрде пайда болатын және белгілі бір жағынан пайдалы рөл атқаратын құбылыс, сондықтан ол қоғам сияқты түпкілікті жойылмайды (Spencer, 1970). Алайда осындай көзқарас тұрғысынан қарағанда, Спенсер қоғамда ауқатты азаматтардың болуы заңды деп санады, себебі олар әлеуметтік даму жағдайында өмір сүруге бейімделген тұлғалар. Сонымен қатар, ол кедейшілікті жеке тұлғаның мәселесі ретінде қарастырып, оны жеке күш-жігердің жеткіліксіздігінен туындайтын құбылыс деп түсіндірді. Назар аударарлық жайт, Спенсер мемлекет тарапынан көмек көрсету, яғни кедей топтарға жәрдемақы төлеу сияқты шараларды да құптамаған.

Кедейшілік ұғымына қатысты өзгеше көзқарасты эгалитарлық бағыт өкілдері Ж. Руссо, Э. Реклю, К. Маркс және Ф. Энгельс ұстанған. Саяси экономистерден айырмашылығы, олар кедейшілікті қоғамның әлеуметтік дамуының ең өткір және қайшылықты салдары ретінде қарастырды. Мысалы, Ж. Руссо кедейшіліктің себебін жеке меншіктің болуы, әлеуметтік теңсіздік және табыс деңгейінің төмендігімен байланыстырған. Э. Реклю «кедейшілік» пен «қайыршылық» ұғымдарын ажыратуды ұсынды. Оның пікірінше, кедейшілік шегі — адамның физиологиялық тұрғыдан өмір сүруін қамтамасыз ететін негізгі қажеттіліктердің ең төменгі жиынтығы (Reclus, 2011). Реклюдің пайымдауынша, кедейшілікті түрлі әлеуметтік топтар арасында материалдық игіліктерді тең бөлу арқылы толық еңсеруге болады. К. Маркс пен Ф. Энгельс капиталдың шоғырлануы пролетариаттың көбеюіне әкеліп, халықтың басым бөлігінің өмір сүру деңгейін төмендетеді деп санаған (Marx & Engels, 1959). Сонымен қатар, олардың

кедейшілікке қатысты көзқарастары өндіріс құралдарының иелері арасында байлықтың шоғырлануына алып келетін заңдылықтарға негізделді. Бұл идеялар кедейшіліктің пайда болу себептерін, әсіресе жаппай және бақыланбайтын көші-қон үдерістерінің қалыптасуын түсіндіруге зор ықпал етті.

Кедейшілік ұғымының дамуына статистикалық-әлеуметтанулық бағыт өкілдері – С. Раунтри, Ч. Бут, Ф. Хайек және Ф. Ле-Пле орасан зор үлес қосты. Олар өз саласында алғашқы зерттеушілердің бірі болып, кедейшілік теориясының тек тұжырымдамалық негізіне ғана емес, сонымен бірге оның эмпирикалық зерттеу тәсілдеріне де үлкен ықпал етті. С. Раунтри кедейшіліктің құрамын зерттей отырып, оны пайда болу себептеріне қарай екі түрге бөлді: біріншісі – табысы төмен, бірақ қаржысын ұтымды жұмсайтын отбасыларға тән алғашқы (біріншілік) кедейшілік; екіншісі – табысы жеткілікті болғанымен, қаражатын тиімсіз пайдаланумен байланысты екіншілік кедейшілік (Sycheva, 1996). Ч. Бут кедейшілік шегін адамның денсаулығын және еңбек қабілеттілігін сақтауға қажетті табыс деңгейімен анықтаған (Boot, 1902). Ф. Ле-Пле отбасының экономикалық мәселелерін зерттеп, кедейшілік сызығын отбасылық бюджет негізінде есептеген және бұл сызықты абсолютті критерий ретінде қарастырған, яғни физикалық өмір сүруге қажетті ең төменгі қажеттіліктерді ескерген (Litinskaya et al., 2016). Ф. Хайек болса, нарықтағы баға жүйесін экономикалық ақпарат тасымалдаушы ретінде сипаттап, ол индивидтерге қандай шешімдер мен әрекеттердің неғұрлым тиімді және нақты немесе әлеуетті құндылығы жоғары екенін айқындауға мүмкіндік береді деп есептеген (Науек, 2005). Осылайша, ол білім деңгейінің төмендігі мен халықтың бір бөлігі баға ақпаратын тиімді пайдалана алмауы бюджетті жоспарлауда қателіктерге, ал соның салдарынан кедейшілікке алып келеді деген қорытындыға келді. Сонымен қатар, сапалы білім алуға мүмкіндік болмауы кедейшіліктің ұрпақтан ұрпаққа берілуіне әсер етеді деп атап өткен.

Кедейшілік пен еңбек көші-қоны ұғымдарын түсіндіруге әлеуметтанулық теория өкілдері - М. Оршански, П. Таунсенд және О. Льюис айтарлықтай үлес қосты. М. Оршански кедейшіліктің параметрлері мен көші-қон себептерін анықтау үшін бюджеттік зерттеулер деректерін және алғашқы қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған негізгі өмірлік қажеттіліктердің сандық сипаттамаларын қолданды. Оның зерттеулері нәтижесінде әртүрлі типтегі үй шаруашылықтары үшін кедейшілік шегін есептеудің формуласы жасалып, ол АҚШ үкіметі ресми түрде қолданатын кедейшілік көрсеткіші ретінде қабылданды (Litinskaya et al., 2016). Ал П. Таунсенд кедейшілікті зерттеу жөніндегі негізгі идеялар мен тұжырымдарды, соның ішінде Оршанскидің еңбектерін толықтырып, кедейшілікті бағалау кезінде отбасы бюджетіндегі шығындарды ғана емес, басқа да әлеуметтік факторларды ескеру қажеттігін атап өтті. Осындай критерийлер ретінде ол қоғамда кеңінен таралған білім беру, тұрғын үй, еңбек және әлеуметтік ресурстарды бөлудегі теңсіздікті атап көрсетеді (Litinskaya et al., 2016). Осылайша, С. Раунтри, Ф. Ле-Пле және М. Оршанскидің идеяларын дамыта отырып, кедейшілікті көпқырлы және көпөлшемді әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырды.

Кедейшілік теориясының дамуына жаңа серпін берген О. Льюис болды. Ол алғаш рет кедейшілік субмәдениетінің негізгі түрлерін бөліп көрсетті: тұрғын үй жағдайының нашарлығы, отбасы мен бейресми ұйымдар айналасында шамадан

тыс шоғырлану, әлеуметтік дезинтеграция, қоғамның маңызды институттарына қатысудан оқшаулану, ерте некелер мен әйел басқаратын отбасыларда кедейшіліктің шоғырлануы. Нәтижесінде әлеуметтануда гендерлік қатынастарды және гендерлік стереотиптердің әсерін зерттеудің теориялық тәсілдері қалыптасты. Льюис кедейшілікке тән кейбір психологиялық белгілерді де атап өткен, мысалы, қорғансыздық сезімі, толыққансыздық, дәрменсіздік және маргиналдық (Lewis, 1968). Жалпы алғанда, Льюис ұсынған тұжырымдама кедейшілік субмәдениетінің қалыптасуын ғана емес, сонымен бірге оның гендерлік қырларын да түсіндіруге бағытталған.

Мультидисциплинарлық зерттеулер өкілдері алғашқылардың бірі болып кедейшіліктің көпөлшемді тұжырымдама екенін және оның көші-қон ағындарына әсер ететінін атап көрсетті. Р. Чемберс кедейшілікті бірқатар қолайсыз жағдайларға тәуелді көпөлшемді үдеріс ретінде сипаттап, оның теориясында кедейшіліктің бес аспектісі қарастырылды. Бұл аспектілердің әрқайсысы жеке немесе өзара байланыста адамды кедей жағдайға түсіруі мүмкін. Оларға мыналар жатады: физикалық әлсіздік, оқшаулану, осалдық, дәрменсіздік және тәуелділік. Кедейшіліктің осы әрбір аспектісі адамның өмір сүруіне кедергі келтіретін қолайсыз жағдайлардың жиынтығын білдіреді және адамның көші-қонға баруына итермелеуі мүмкін (Chambers, 1983). Ал Р. Бланко кедейшілікті мүмкіндіктердің толық жоқтығы ретінде анықтап, оны аштықтың жоғары деңгейімен, сауатсыздықпен, білім алуға қолжетімсіздікпен, физикалық және психикалық сырқаттармен, сондай-ақ эмоционалдық тұрақсыздықпен байланыстырды (Blanco, 2002). Ол сонымен қатар кедейшілікті экономикалық, әлеуметтік және саяси қатысудың созылмалы тапшылығымен сипаттап, бұл құбылыс адамдардың оқшаулануына, ресурстарға қолжетімділіктің шектелуіне және олардың мәдени дамуының тежелуіне алып келетінін атап өтті.

Қазіргі әлеуметтік және экономикалық үдерістерге қатысты заманауи көзқарастарды ұстанатын зерттеушілер кедейшілік пен көші-қон тұжырымдамаларына өз ұстанымдарын кеңейте түсті. Қазіргі зерттеулердің басым бөлігі ауылдық жерлерден қалаларға бағытталған ішкі көші-қон мәселесіне арналған. Мәселен, П. Дешингкар, Дж. Фаррингтон және Р. Шривастава көші-қонды адамдардың ауылдық жерден ауылдық жерге, ауылдан қалаға, қаладан қалаға және қаладан ауылдық аймаққа қоныс аудару үдерісі ретінде сипаттайды (Srivastava, 2020). Сонымен қатар, көші-қонның ұзақтығы қысқа мерзімді де, ұзақ мерзімді де болуы мүмкін. Ішкі мигранттардың белгілі бір бөлігі маусымдық жағдайларға байланысты шығу және бару аймақтары арасында үнемі қозғалыста болады (Kamaruddin & Samsudin, 2014). Мұндай топтар маусымдық және айналмалы ішкі еңбек мигранттары деп аталады. Кедейлікті азайту тұрғысынан маусымдық және айналмалы көші-қон ерекше маңызды болып саналады, өйткені бұл көші-қон түрлері көбінесе кедей топтар арасында кең таралған.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи-логикалық және жүйелік тәсілдердің қағидаттары құрайды. «Ауылдық кедейшілік» пен «еңбек көші-қоны»

ұғымдарының мәнін ашу үшін талдау мен синтез, индукция мен дедукция, классификация және ғылыми қорыту әдістері қолданылды. Кедейшілік пен көші-қонның классикалық және заманауи тұжырымдамалары бірізді түрде салыстырмалы-тарихи әдісті пайдалана отырып қарастырылды. Бұл тәсіл ғылыми көзқарастардың эволюциясын – саяси экономия мектептерінен (А. Смит, Т. Мальтус, Д. Рикардо) бастап ХХ–ХХІ ғасырлардағы әлеуметтанулық және мультидисциплинарлық бағыттарға дейін – зерделеуге мүмкіндік берді.

Әртүрлі теориялық ұстанымдарды жүйелеу мақсатында құрылымдық-функционалдық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс кедейшілік пен көші-қон үдерістерін байланыстыратын негізгі белгілер мен механизмдерді айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу ұстанымдарын қорыту ауылдық кедейшілік феноменін және оның еңбек көші-қонымен өзара байланысын түсінудегі тұрақты заңдылықтарды анықтауға жағдай жасады. Талдау нәтижелері 1-кестеде берілген, онда теориялар ғылыми мектептер, авторлар, негізгі идеялар және көші-қон үдерістерімен байланысы бойынша жіктелген.

Жоғарыда келтірілген барлық теориялар мен тұжырымдамаларды жүйелі түрде 1-кестеде қарастыру ұсынылады.

Кесте 1. Ауылдық кедейшілік пен еңбек көші-қонын түсіндіретін теориялық тәсілдер

Мектеп/ Тәсіл	Авторлар	Кедейшілік туралы негізгі идеялар мен анықтамалар	Еңбек көші-қонымен байланысы
Классикалық саяси экономия	А. Смит	Кедейшілік әлеуметтік дамудың алғашқы кезеңдерінен бастап қалыптасатын байлықтың теңсіз бөлінісімен байланысты. Байлық меншік иелерінің билігін күшейтеді.	Әлеуметтік теңсіздік пен табыс айырмашылықтары адамдарды жақсы өмір жағдайын іздеп көшуге итермелейді.
	Ж. Прудон	Кедейшілікті абсолютті және салыстырмалы түрге бөлді. Кедейшілікті қабылдауға әсер ететін фактор ретінде әлеуметтік стандарттар мен нормалардың рөлін атап өтті.	Әлеуметтік нормаларға сәйкессіздік адамдарды өмір сүрудің өзге стандарттары бар орындарды іздеуге итермелейді
	Т. Мальтус	Халық саны геометриялық прогрессиямен, ал байлық арифметикалық прогрессиямен өседі. Халықтың артықтығы кедейшілікке, аштық пен аурулардың таралуына әкеледі.	Артық халық көші-қонды өзін-өзі реттеу тетігі ретінде ынталандырады.
	Д. Рикардо	«Еңбек ақы қоры» жұмыс күші санының деңгейін айқындайды. Табыстың өсуі туу көрсеткішінің артуына, ал кейіннен табыстың	Төмен табыс пен экономикалық циклдік құбылыстар адамдарды тұрақты табыс көзін іздеп көші-қонға итермелейді.

		төмендеуіне және кедейшіліктің күшеюіне әкеледі.	
	Г. Спенсер	Кедейшілік – дамудың табиғи әрі функционалды элементі. Ауқатты азаматтар қоғамдағы өмір сүру жағдайына бейімделсе, кедейлер жеке дәрменсіздіктің нәтижесі ретінде қарастырылады.	Кедейлер өмір сүрудің баламалы көздерін, соның ішінде көші-қонды, мәжбүрлі түрде іздейді.
Статистикалық - әлеуметтанулық зерттеулер	С. Раунтри	Алғашқы кедейшілік – табыстың жеткіліксіздігімен, ал екіншілік кедейшілік – қаржыны ұтымсыз жұмсаумен сипатталады.	Табыс пен ресурстардың тапшылығы адамдарды мәжбүрлі көші-қонға итермелейді.
	Ч. Бут	Кедейшілік шегі – адамның денсаулығын және еңбекке қабілеттілігін сақтауға жеткілікті табыс деңгейі.	Негізгі ресурстардың жетіспеушілігі адамдарды көші-қонға итермелейді.
	Ф. Ле-Пле	Отбасылық бюджет негізінде есептелген кедейшілік сызығы – абсолютті өлшем болып табылады.	Отбасыларға түсетін экономикалық қысым еңбек көші-қонының күшеюіне алып келеді.
	Ф. Хайек	Кедейшілік — білімнің төмен деңгейі мен баға туралы ақпаратты тиімді пайдалана алмаудың салдары.	Нарық жағдайына бейімделе алмау адамдарды өзге мүмкіндіктерді, соның ішінде көші-қонды, іздеуге итермелейді.
Мультидисциплинарлық тәсіл	Р. Чемберс	Кедейшілік – физикалық әлсіздік, оқшаулану, осалдық және дәрменсіздік сияқты өлшемдерді қамтитын көпқырлы үдеріс.	Қолайсыз жағдайлардың жиынтығы адамдарды көші-қонға итермелейді.
	Р. Бланко	Кедейшілік – мүмкіндіктердің болмауы, аштық, сауатсыздық, ауру-сырқау және әлеуметтік оқшауланумен сипатталады.	Оқшаулану мен әлеуметтік қатысудың тапшылығы адамдарды мәжбүрлі көші-қонға итермелейді.
Заманауи тәсілдер	П. Дешингар, Дж. Фаррингтон, Р. Шривастава	Көші-қон — көпдеңгейлі үдеріс (ауылдық ↔ қалалық, қысқа мерзімді/ұзақ мерзімді, маусымдық/айналмалы).	Маусымдық және айналмалы көші-қон кедей халық топтары арасында өмір сүру стратегиясы ретінде кеңінен таралған.

Ескерту: авторлар құрастырған

Жоғарыда қарастырылған теориялар мен тұжырымдамаларға жасалған шолуға сүйене отырып, негізгі қорытындыларды қысқаша түйіндеуге болады.

Біріншіден, кедейшілік пен еңбек көші-қоны теориясының эволюциясын бірнеше негізгі кезеңге бөлуге болады. Бұл кезеңдер кедейшіліктің мәні мен

себептеріне қатысты идеялардың қалыптасуын қамтиды және саяси экономия, эгалитаризм, әлеуметтанулық және мультидисциплинарлық зерттеулер шеңберінде дамыды.

Екіншіден, теңсіздік, кедейшілік пен көші-қон себептерін анықтау барысында еңбекке қабілетті халықтың белгілі бір бөлігі еңбек нарығынан шеттетіледі, бұл өз кезегінде әлеуметтік жағдайдың тұрақсыздануына және өңірлік қайшылықтардың тереңдеуіне әкеледі. Атап айтқанда, Ф. Хайектің зерттеуінде сапалы білім алу мүмкіндігінің болмауы халықтың көші-қон үдерісіне тікелей әсер ететіні көрсетілген.

Үшіншіден, кедейшілік теориясының дамуына Льюистің көзқарастары жаңа серпін берді. Ол қайыршылықтың түпкі себептері гендерлік аспектілермен байланысты болуы мүмкін екенін атап өтті. Басқаша айтқанда, кедейшілік көбіне әйел басқаратын отбасылар үлесінің артуымен немесе кедейшіліктің осындай отбасылар арасында шоғырлануымен тығыз байланысты.

Төртіншіден, қазіргі әлеуметтік және экономикалық үдерістерге қатысты зерттеушілер кедейшілік пен көші-қон тұжырымдамаларына деген көзқарастарын едәуір кеңейтті. Атап айтқанда, олар көші-қонды адамдардың ауылдық жерден ауылдық жерге, ауылдан қалаға, қаладан қалаға және қаладан ауылдық жерге қоныс аудару үдерісі ретінде қарастырды.

Осылайша, әрі қарай ғылыми зерттеуді қажет ететін маңызды бағыттар айқындалды. Кедей халық топтарының әртүрлі көші-қон түрлеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін қолданатын стратегияларын тереңірек түсіну мақсатында сапалық және сандық тұрғыдан жан-жақты зерттеулер жүргізу қажет. Сондай-ақ, көші-қонның кедейшіліктен шығудың тиімді тетігіне айналатын жағдайларын анықтау үшін жүйелі зерттеулердің жүргізілуі маңызды.

Аналитикалық міндеттер мен зерттеу кемшіліктері

Сонымен қатар, ішкі және халықаралық мигранттардың әртүрлі санаттарының, соның ішінде көбінесе үй шаруашылығында жұмыс істейтін әйелдердің осалдығын бағалауға арналған материалдар жеткіліксіз болғандықтан, салыстырмалы зерттеулер жүргізу қажеттілігі туындайды. Мұндай зерттеулер көші-қонның әртүрлі ағындары кедей халық топтарының кедейліктен шығуына қалай ықпал ететінін анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл қызметкерлердің көші-қонға дейінгі және кейінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайларын салыстыру маңызды. Үй шаруашылықтарының кедейлігіне көші-қон түрлерінің әсерін бағалау үшін сенімді және репрезентативті деректер қажет. Сонымен бірге, отбасылар ішіндегі ақшалай аударымдардың бөлінісін зерделейтін зерттеулер жүргізу өзекті. Гендерлік тұрғыдан алғанда, ер және әйел жынысты балалардың білім мен денсаулық сақтау саласында тең мүмкіндіктерге ие болуын, сондай-ақ қарт ерлер мен әйелдерге деген қатынастың айырмашылығын анықтау маңызды. Көші-қонның кедей халық топтарына әсерін талдау барысында олардың өміріндегі эмоционалдық құрамдастар да ескерілуі тиіс.

Бұдан әрі ауылдық кедейшіліктің түрлерін және оған әсер ететін факторларды айқындау маңызды, себебі бұл мәселені жеңілдетудің ықтимал

жолдарын көрсетуге мүмкіндік береді. Тұрақты өмір сүру құралдарын қамтамасыз ету тұжырымдамасы (Sustainable Livelihood Approach, SLA) кедей үй шаруашылықтарының өмір сүру жағдайларын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін тиімді тәсілдердің бірі болып табылады (Kamaruddin & Samsudin, 2014; Srivastava, 2020). Сонымен қатар, ауылдық көпөлшемді кедейлікті бағалау үшін кедейшіліктің түрлерін анықтаудың жаңа тәсілі әзірленген, ол SLA әдістемесіне негізделеді. Кедей үй шаруашылықтарының осы көрсеткішін басқа тәсілдермен салыстырғанда, дамушы елдерде қолданылып жүрген дәстүрлі кедейшілік классификациясы мен SLA әдісі бойынша көпөлшемді классификация арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар екені байқалады (Sztompka, 1996).

Осылайша, кез келген араласу кезінде қолдануға болатын үздік тәжірибелерді сипаттайтын алты негізгі қағидат айқындалған: (1) адами ресурстарға бағдарлану; (2) стратегияны әзірлеудегі тұтастық; (3) динамикалылық; (4) күшті жақтарға сүйену; (5) макро және микро деңгейлер арасындағы өзара байланыс; (6) тұрақтылық. Өз кезегінде, тұрақты өмір сүру құралдарын қамтамасыз етуге бағытталған басқа тәсілдер келесі көрсеткіштер жиынтығын қамтиды: (1) адами капитал, (2) табиғи капитал, (3) физикалық капитал, (4) қаржылық капитал және (5) әлеуметтік капитал. Осы тәсілдердің әрқайсысының құрылымдық жүйесі түрлі контексттердегі ресурстардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде қалай қалыптасатынын көрсетеді. Кедейшілік көпөлшемді әлеуметтік-экономикалық құбылыс болғандықтан, оның динамикасы жалпыұлттық үрдістердің жиынтығымен ғана емес, сонымен бірге гендерлік факторлармен де айқындалады. Тұрақты өмір сүру көздерін қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымның негізгі элементтері – қолжетімді әрі сенімді тұрғын үй, көлік, сапалы сумен қамту және санитария, байланыс және қолжетімді электрмен жабдықтау жүйелері қажет. Осы тұрғыда тұрақты өмір сүру тәсілі (SLA) кедейшілікті еңсеру үшін тиісті инфрақұрылымды дамытуға басымдық береді. Ақырында, өмір сүру көздері, табыстар, стратегиялар мен үдерістер барлық ықтимал факторлар бақылауға алынған жағдайда ғана тұрақты болып саналады, себебі бұл кедейшілікті ұзақ мерзімді және орнықты қысқартуға мүмкіндік береді.

Ауылдық кедейшілік ұғымымен тығыз байланысты тағы бір маңызды түсінік – халықтың осалдығы. Осалдықтың себебі де, салдары да түрлі ресурстарға қолжетімділіктің шектелуі болып табылады. Бұл ретте «кедейшілік» пен «осалдық» ұғымдарын нақты ажырату қажет. Осал топтарға табыс, білім, материалдық игіліктер, тұрғын үй және денсаулық сақтау сияқты ресурстарға қолжетімділігі шектеулі халық топтары жатады. Ал кедей топтарға негізінен табыс көздеріне қолжетімділігі шектеулі адамдар кіреді. Осы тұрғыдан алғанда, ауыл халқының кедейшілігі – бұл негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігінің азаюы немесе жойылуы, яғни депривация процесі. Депривация халықтың кедейлікке ұшырау қаупін арттырады және, сөзсіз, оның басты себептерінің бірі бола алады.

Ғылыми әдебиеттерде ауылдық кедейшілік ұғымы жиі салыстырмалы кедейшілік немесе әлеуметтік эксклюзия (social exclusion – салыстырмалы шектеулер) түсінігімен байланыстырылады. Әлеуметтік эксклюзия ұғымы тек табыс пен материалдық игіліктер сияқты экономикалық көрсеткіштермен ғана

емес, сонымен қатар өмір сүру сапасының төмендеуімен сипатталады. Әлеуметтік эксклюзияны зерттеу үш деңгейде жүзеге асырылады [18]:


1) Микродеңгейде әлеуметтік эксклюзия әлеуметтік байланыстарды талдауға бағытталады.

2) Мезодеңгейде әлеуметтік эксклюзия әлеуметтік топтардың шеттетілу үдерістерін және қолжетімділікті шектейтін тосқауылдарды зерттеуді қамтиды.

3) Макродеңгейде әлеуметтік эксклюзияны зерттеу салыстырмалы талдау арқылы жүргізіліп, мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерді, сондай-ақ әлеуметтік саясаттың мазмұны мен оның тиімділігін бағалауды қамтиды.

Ауыл халқының кедейшілігінің қалыптасу үдерістері мен себептерін зерттеуде транзитивті тәсілді қолдану орынды. Ауылдық кедейшілік – көпөлшемді құбылыс, оны әртүрлі векторлық және көпқырлы факторлар (стратегиялар, саясаттар, әлеуметтік-экономикалық үдерістер) айқындайды. Бұған дейін атап өткендей, П. Таунсенд кедейшілікті көпқырлы және көпаспектілі әлеуметтік-экономикалық мәселе ретінде сипаттаған. Өз кезегінде П. Дешинкар, Дж. Фаррингтон және Р. Шривастава көші-қонды адамдардың ауылдық жерден ауылдық жерге, ауылдан қалаға, қаладан қалаға және қаладан ауылдық аймаққа қоныс аудару үдерісі ретінде анықтаған. Осылайша, ауылдық аймақтардағы кедей халықтың жағдайы уақыт өте келе өзгеріп отыратын, белгілі бір заңдылыққа бағынатын динамикалық процесс болып табылады.

Біздің ғылыми зерттеуімізде ауыл халқының кедейленуіне немесе кедейшіліктен шығуына ықпал ететін стратегияларға, саясаттарға және әлеуметтік-экономикалық үдерістерге ерекше назар аудару ұсынылады. 1-суретте ауылдық кедейшілікті төмендету мен әл-ауқатты арттырудың құрылымдық үлгісі көрсетілген.



Сурет 1. Ауылдық кедейшілікті азайту және әл-ауқатты арттырудың тұрақты өмір сүру шеңбері

Жалпы алғанда, әл-ауқатты арттыру мен ауылдық кедейшілікті төмендетуге бағытталған тұрақты өмір сүру процестері мен шеңберлері белгілі бір мақсатқа ұмтылуға негізделгендіктен, *телеологиялық* сипатқа ие. Ауыл халқының кедейшілігін еңсеру процесін мақсат ретінде кедейліктен шығуды алған жағдайда *прогрессивті үдеріс* деп атауға болады. Ал кедейлер санының өсуіне және халықтың әлеуметтік қорғалмаушылығының артуына ықпал ететін үдерістер, керісінше, *регрессивті сипаттағы* болып есептеледі.

Кез келген үдерісті талдау барысында оның соңғы нәтижесіне ерекше назар аудару қажет: ауыл халқының кедейленуіне алып келетін немесе, керісінше, осы жағдайдан шығуға ықпал ететін процестерді қарастыру маңызды [19]. Ауылдық кедейшіліктің әлеуметтік құбылыс ретіндегі даму нәтижелері, негізінен, теріс сипатқа ие.

Осылайша, ауылдық жерлердегі өмір сапасының ерекшелігін және қала мен ауыл арасындағы әлеуметтік теңсіздікке байланысты туындайтын еңбек көші-қонын ұғындырудың бірнеше маңызды тәсілдері бар. Жалпы алғанда, ауылдық кедейшілік пен еңбек көші-қоны жөніндегі зерттеулерге жасалған кешенді талдау бұл мәселелерді өзара байланысты келесі ұғымдармен бірлікте қарастыруды қажет етеді: *қорғалмаушылық (осалдық), әлеуметтік оқшаулану (эксклюзия) және депривация.*

Аталған анықтамаларды неғұрлым егжей-тегжейлі қарастыруды ұсынамыз.

Ауылдық кедейшіліктің осалдығы (vulnerability rural poverty). Зерттеулер көрсеткендей, осалдық пен кедейшілік ұғымдары өзара тығыз байланыста. Ауылдық кедейшіліктің теориялық тұжырымдамалық негізі ретінде халықтың әлеуметтік қорғалмаушылығы қарастырылады. Ауылдық аумақтардағы негізгі мәселелердің бірі — әлеуметтік сипаттағы проблемалар, олардың аясында үй шаруашылықтары өмірлік маңызы бар экономикалық ресурстар мен игіліктерге қол жеткізуде шектеулерге тап болады. Мұндай ресурстар мен игіліктерге қолжетімділіктің шектелуі осалдықтың негізгі нысандары ретінде көрініс табады. Ауыл халқының кедейшілігі халықтың әлеуметтік қорғалмаушылығын күшейтіп, әлеуметтік оқшаулануды тереңдетеді. Мұндай жағдайда үй шаруашылықтары әлеуметтік теңсіздік пен кемсітушілік салдарынан қоғам өміріне толыққанды қатысу мүмкіндігінен айырылады. Сонымен қатар, әлеуметтік оқшаулану, бұл үй шаруашылықтарының ресурстарға, игіліктерге және қызметтерге қолжетімділігінің шектелуі арқылы көрінетін әлеуметтік процесс ретінде сипатталады.

БҰҰ Даму Бағдарламасының (БҰҰДМ) «Қазақстанда кедейшілікті тиімді төмендету үшін ұлттық әлеуетті арттыру» жобасы аясында әлеуметтік қорғалмаушылықтың негізгі себептері төмендегідей сипатталады (UNDP, 2024):

- еңбекке қабілетті жастағы жұмыспен қамтылған халықтың кедейшілігі еңбекақының төмен деңгейімен және бюджеттік салалардағы табыстардың кеш индексациялануымен байланысты;

- экономикалық тұрғыдан белсенді, бірақ жұмыспен қамтылмаған халықтың кедейшілігі ақылы жұмысқа қолжетімділіктің болмауымен, жұмыссыздық бойынша жәрдемақының төмен мөлшерімен немесе мүлдем төленбеуімен түсіндіріледі;

- еңбекке жарамсыз және зейнет жасындағы адамдардың кедейшілігі төмен зейнетақы мен жәрдемақы мөлшерімен, сондай-ақ емделу мен күтімге жұмсалатын шығындардың жоғары болуымен байланысты;

- балалардың кедейшілігі (олар объективті себептерге байланысты ересектерге толық тәуелді болғандықтан) олардың тұратын отбасыларының кедейлігімен тікелей байланысты;

- жастардың кедейшілігі еңбек нарығындағы төмен бәсекеге қабілеттілігімен және кәсіби дамудың бастапқы мүмкіндіктерінің жоқтығымен түсіндіріледі.

Ауылдық кедейшіліктің әлеуметтік оқшаулануы (exclusion rural poverty).

Зерттеулер көрсеткендей, ауыл халқының өмір сүру салтындағы әлеуметтік оқшаулану (экслюзия) тек экономикалық ресурстар мен игіліктерге қолжетімділіктің шектелуімен ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерінің және қалаған өмір стратегияларын қалыптастыру еркіндігінің шектелуімен де сипатталады. Кедейшілік контекстінде өмір салтын зерттеу мәселесі, әсіресе өңірлік тұрғыда, теориялық тәсілдерді жүйелеуді, үй шаруашылықтарының өмір сүру салтының типологиясын айқындауды және әлеуметтік теңсіздік деңгейін анықтауды өзекті етеді. Ауылдық кедейшілік жағдайының ұзақ уақыт бойы нашарлауы әлеуметтік оқшаулануға алып келеді, ал бұл өз кезегінде көші-қон үдерістерін туындатады.

Әлеуметтік экслюзияның күшеюіне ықпал ететін факторлар мыналар болып табылады:

-еңбекақы мен зейнетақының төмен деңгейі, мемлекеттік көмектің жеткіліксіздігі;

-салық жүктемесінің жоғары болуы, тұрғын үй мен тұрақты жұмыстың болмауы;

-ақылы білім беру, медициналық және сауықтыру қызметтерін пайдалану мүмкіндігінің жоқтығы;

-өмірлік оқиғаларға ықпал ете алмау сезімі, болып жатқанның әділетсіздігін түйсіну;

-халықтың басым бөлігі үшін толыққанды әрі сапалы өмір сүру деңгейінің қолжетімсіздігі.

Ауылдық кедейшіліктің депривациясы (deprivation rural poverty).

Зерттеулер көрсеткендей, ауылдық және қалалық жерлерде тұратын халықтың депривацияны сезіну деңгейі мен сипаты айтарлықтай ерекшеленеді. Ауылдық аймақтардағы негізгі мәселелерге қызметтерге қолжетімділіктің болмауы, қолжетімді тұрғын үйдің жетіспеушілігі және инфрақұрылымды жақсартуға арналған шығындардың жоғары болуы жатады. Бұл мәселелерді тереңірек түсіну және оларды өлшеудің неғұрлым тиімді әдістерін әзірлеу — кедейшілікті және ауылдық көші-қонды азайтудың маңызды қадамы болып табылады. Аудан деңгейіндегі депривация көрсеткіштері ауылдық жерлерде қолайсыз жағдайда өмір сүретін үй шаруашылықтарының нақты жағдайын толық қамти алмайды. Мұндай жағдай ауылдық аймақтардағы депривацияның қалалық жерлерге қарағанда неғұрлым кең таралуымен түсіндіріледі. Соның салдарынан мұндай аймақтарда қажетті ресурстар мен тиімді араласу шаралары жеткіліксіз болуы мүмкін.

Ауылдық жерлердегі депривация мен еңбек көші-қонының себептері:

-ауылдық жерлерде бизнес пен жұмыспен қамту мүмкіндіктерінің аздығына байланысты табыстың төмен болуы және толық емес жұмыс күнімен еңбек ету;

-қызметтерге (мысалы, денсаулық сақтау, білім беру және кәсіби даярлық) қолжетімділіктің шектеулілігі, себебі ауылдық елді мекендерде бұл қызметтерді тұрақты қамтамасыз ете алатын халық саны аз;

-көлік инфрақұрылымының төмен деңгейі және жол жүру шығындарының жоғары болуы;

-ауыл халқының төмен ақы төленетін маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарында еңбек етуі және өз шығындарын өтеуде қиындықтарға тап болуы;

-интернетке қолжетімділіктің төмен болуы, бұл ауылдық жерлерде оқшаулану мен ақпараттық және әлеуметтік шектеулердің күшеюіне алып келеді.

Жоғарыда қарастырылған ауылдық кедейшілік пен еңбек көші-қонына қатысты теориялық тұжырымдамалар мен көзқарастардың негізінде мәселенің гендерлік қырын айқындауға болады. Ауылдық кедейшілік, еңбек көші-қоны және гендерлік теңсіздік арасындағы өзара байланыс көпқырлы сипатқа ие және ол үй шаруашылықтарының даму динамикасы мен еңбек нарығындағы үдерістердің өзара әрекеттесуін терең түсінуді қажет етеді. Сонымен бірге, кедейшілік пен әйелдердің жұмыспен қамтылуы арасындағы байланыс екіжақты сипатта болады. Кедейшілік әйелдерді кез келген табыс көзі бар жұмыс түрін іздеуге итермелейді, алайда көбінесе олар төмен ақы төленетін бейресми сектордағы жұмыстарға келісуге мәжбүр болады.

Осылайша, әйелдің жұмыспен қамтылуы әрдайым оның әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсарғанын білдірмейді, себебі алынған табыс күткен деңгейге сәйкес келмеуі мүмкін және көбінесе үй шаруашылығын толық қамтамасыз етуге жетпейді. Сондай-ақ, әрбір жыныстың үй шаруашылығын қамтамасыз етуге қосатын үлесін талдауға ерекше назар аудару қажет, өйткені құқықтардың, ресурстардың және уақыттың тең бөлінбеуі бұл үлесті айтарлықтай өзгертеді. Көптеген дамушы елдерде ауылдық әйелдер жоғары әлеуметтік-экономикалық тәуекелдерге ұшырайды, сондықтан әйелдердің үй шаруашылығындағы және еңбек нарығындағы орнын олардың өз құқықтарын қорғау қабілеті тұрғысынан да бағалау маңызды. Парадоксты жайт — ауылдық әйелдер арасындағы кедейшілік деңгейі олардың ерлерге қарағанда әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан әлсіз позицияда болуымен тікелей байланысты.

Ауылдық экономика жағдайында төмен ақы төленетін және қысқа мерзімді жалдамалы еңбек қазақстандық ауыл әйелдері үшін (ерлерге қарағанда жиі) табыс табудың жалғыз мүмкін көзі болып табылады. Шектеулі жұмыс орындарының және кәсіби мүмкіндіктердің аздығы, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік қызметті бастауға қажетті активтердің жетіспеушілігі ауыл әйелдерін әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан әлсіз жағдайда қалдырады. Нәтижесінде, олар жұмыс берушілер ұсынған кез келген еңбек шарттарына келісуге мәжбүр болады. Мұндай осалдық, әлеуметтік эксклюзия және депривация әйелдерді еңбек нарығындағы орташа жалақы деңгейінен әлдеқайда төмен ақыға өз еңбегін сатуға итермелейді. Әйелдердің әлсіз әлеуметтік-экономикалық позициясы көбінесе еңбек уақыты мен еңбекақының нақты нормаланбаған жағдайында еңбек етуге мәжбүр болуынан байқалады.

Соның салдарынан ауыл әйелдері қосымша әлеуметтік және экономикалық игіліктерге қол жеткізе алмайды. Әйелдердің табыс деңгейінің ерлерге қарағанда төмен болуы үй шаруашылықтарының кедейлік деңгейіне тікелей ықпал етеді және бұл өз кезегінде көші-қон үдерістерінің күшеюіне әкелуі мүмкін.

Көптеген дамыған мемлекеттерде әйелдердің экономикалық қызметке қатысуын кеңейтуге бағытталған саясат пен шараларға, сондай-ақ ұлттық еңбек заңнамасына сәйкес әлеуметтік қорғау тетіктерін жетілдіруге ерекше басымдық беріледі (UNESCAP, 2020). Ауылдық әйелдердің ерекше әлеуметтік-экономикалық кедергілерге жиі тап болатынын мойындай отырып, бұл мәселені шешуге бағытталған БҰҰ Еуропа экономикалық және әлеуметтік комиссиясына (СПЕКА) мүше елдердің негізгі стратегиялары еңбек нарығындағы әйелдердің қатысуын кеңейтуге, әлеуметтік қорғау шараларын күшейтуге және ресурстарға қолжетімділікті арттыруға шоғырландырылған. Мысалы, «Бейжің+25» шолуына арналған СПЕКА елдерінің ұлттық баяндамаларында әйелдердің кедейшілік жағдайындағы орны мен оны еңсеру бойынша қабылданған шараларға қатысты түрлі көзқарастар келтірілген. Бұл әсіресе мәселе өткір сипат алған ауылдық өңірлерде ерекше маңызға ие (UNESCAP, 2020).

Қорытындылай келе, ғылыми зерттеулерде ауылдық кедейшілік пен еңбек көші-қоны ұғымдары көбінесе кеңістіктік теңсіздік мәселесімен өзара байланыста қарастырылады. Бұл тұрғыда кеңістіктік теңсіздік қала мен ауыл арасындағы әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтарды білдіреді. Ауылдық кедейшілік пен еңбек көші-қоны — көпөлшемді сипаттағы күрделі құбылыстар болып табылады. Дегенмен, дамушы елдерде ауылдық кедейшіліктің де, еңбек көші-қоны деңгейінің де көрсеткіштері дамыған мемлекеттерге қарағанда айтарлықтай жоғары.

Ауылдық аумақтардағы кедейшілік деңгейін тиімді мемлекеттік саясат пен экономикалық өсім арқылы төмендету — қазіргі ғылыми қауымдастық үшін күрделі әрі көпқырлы міндет болып отыр. Ауылдық жерлердегі кедейшілік көбіне әлеуметтік теңсіздік контекстінде қарастырылады, ал ол өз кезегінде инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуының салдары болып табылады. Мұндай жағдай ауыл халқының кеңістіктік және еңбек мобильділігінің, соның ішінде көші-қон үдерістерінің күшеюіне алып келеді.

Айта кету қажет, ауылдық экономикадағы әйелдердің жағдайы ерлерге қарағанда әлдеқайда қолайсыз, себебі олардың әлеуметтік-экономикалық позициясы әлсіз және өз құқықтарын қорғау мүмкіндігі шектеулі. Әйелдер, әсіресе ауылдық аймақтарда, кедейлік қаупінің жоғары болуымен және ресурстарға қолжетімділіктің шектеулілігімен жиі бетпе-бет келеді. Бұл ретте әйелдердің ақысыз еңбегі мен оның гендерлік факторларын талдау және бақылау бойынша зерттеулердің жеткіліксіздігі гендерлік теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі ұлттық міндеттемелердің әлеуметтік қорғау жүйесімен үйлесімсіздігіне алып келеді. Осылайша, ауылдық әйелдердің еңбегі мен әлеуметтік рөлін тереңірек зерттеу қоғамның инклюзивті және тең мүмкіндіктерге негізделген дамуын қамтамасыз етудің маңызды алғышарты болып табылады.

АЛҒЫС. Мақала Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым Комитетінің гранттық қаржыландыруы аясында дайындалды «Қазақстанда әйелдердің сапалы жұмыспен қамтылу мүмкіндіктері мен қолжетімділігін кеңейтудің стратегиялық бағыттарын әзірле» АР22784063.

Author Contributions

Conceptualisation and theoretical framework: AK and MK; research design and methodology: AK and MK; data collection and processing: AK and MK; bibliometric analysis and interpretation: AK and MK; case study analysis and visualisation: AK and MK; draft writing and manuscript structure: AK and MK; editing and critical revision: AK and MK; final review and approval: AK. All authors have read and approved the final version of the manuscript and agreed to its publication.

Редакцияға түсті: 05 наурыз 2025

Қайта қаралды: 15 сәуір 2025

Жариялау туралы шешім қабылданды: 30 сәуір 2025

Жарияланды: 30 маусым 2025

References

- Abrahamson, P. (2001). Sotsial'naya eksklyuziya i bednost' [Social exclusion and poverty]. *Obshchestvennye nauki i sovremennost'*, 2, 158–166.
- Blanco, R. O. (2002). How we Define Poverty-Eradicating Extreme Poverty and Hunger. *UN Chronicle*, 39, 3.
- Boot, Ch. (1902). *Life and London of the people in London*. London-New York: Macmillan.
- Chambers, R. (1983). *Rural development: Putting the last first*. Upper Saddle River, New Jersey: Prentice Hall.
- Deshingkar, P., & Farrington, J. (2009). *Circular migration and multi-locational livelihood strategies in rural India*. Oxford: Oxford University Press.
- Hayek, F. A. (2005). *Doroga k rabstvu* [The road to serfdom]. Moscow: Novoe izdatel'stvo.
- Kamaruddin, R., & Samsudin, S. (2014). The sustainable livelihoods index: A tool to assess the ability and preparedness of the rural poor in receiving entrepreneurial project. *Journal of Social Economic Research*, 1(6), 108–117.
- Lewis, O. (1968). *A study of slum culture*. New York: Random House.
- Litinskaya, E. Yu., & Matyushina, Yu. B. (2016). Genesis osnovnykh teorii bednosti [Genesis of main poverty theories]. *Vestnik VGU*, 3, 74-77.
- Malthus, T.R. (2001). *Essay on the Principle of Population*. Cambridge University Press.
- Marx, K., & Engels, F. (1959). *K kritike politicheskoi ekonomii* [A contribution to the critique of political economy]. In *Collected works* (2nd ed.). Moscow: Politizdat.
- Proudhon, J. (1998). *Bednost' kak ekonomicheskii printsip* [Poverty as an economic principle]. Moscow: Respublika.
- Reclus, E. (2011). *Projet de globe au 100.000*. Paris, Éditions B2.
- Ricardo, D. (1990). *Theorists of Economic Growth from David Hume to the Present. With a Perspective on the Next Century*. New York: Oxford University Press.
- Smith, A. (1993). *Issledovanie o prirode i prichinakh bogatstva narodov* [An inquiry into the nature and causes of the wealth of nations]. Petrozavodsk: Petrokom.

- Spencer, H. (1970). *Social Statics: The Conditions Essential to Human Happiness Specified, and the First of Them Developed*. London : Williams and Norgate.
- Srivastava, R. S. (2020). Growing precarity, circular migration, and the lockdown in India. *The Indian Journal of Labour Economics*, 63, 79–86. <https://doi.org/10.1007/s41027-020-00260-3>
- Sycheva, V. S. (1996). Izmerenie urovnya bednosti: istoriya voprosa [Measuring poverty levels: Historical overview]. *Sotsiologicheskie issledovaniya*, 3, 141–149.
- Sztompka, P. (1996). *Sotsiologiya sotsial'nykh izmenenii* [The sociology of social change]. Moscow: Aspekt Press.
- UNDP. (2024). *Narashchivanie natsional'nogo potentsiala dlya effektivnogo snizheniya bednosti v Kazakhstane* [Building national capacity for effective poverty reduction in Kazakhstan]. Retrieved from <http://www.projects/files/.htm>
- UNESCAP. (2020). *Obzor Pekin+25: Gendernoe ravenstvo i rasshirenie prav i vozmozhnostei zhenshchin v stranakh SPEKA* [Beijing+25 review: Gender equality and women's empowerment in SPECA countries]. Retrieved from https://www.unescap.org/sites/default/files/ESCAP_B25_Central_Asia_Report_2020_911_RUS.pdf

Information about the authors

Anel A. Kireyeva – Cand. Sc. (Econ.), Leading Researcher, Institute of Economics CS MSHE RK. Email: anel.kireyeva@ieconom.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-3412-3706>

***Makpal T. Kurmasheva** – PhD candidate, Kenzhekali Sagadiyev University of International Business. Email: makpaltalgatkyzy@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0002-7218-2627>

Авторлар туралы мәліметтер

Киреева А.А. – э.ф.к., жетекші ғылыми қызметкер, ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, Алматы, Қазақстан. Email: anel.kireyeva@ieconom.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-3412-3706>

Курмашева М.Т. – PhD докторант, Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, Алматы, Қазақстан. Email: makpaltalgatkyzy@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0002-7218-2627>

Сведения об авторах

Киреева А.А. – к.э.н., ведущий научный сотрудник, Институт экономики КН МНВО РК. Email: anel.kireyeva@ieconom.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-3412-3706>

***Курмашева М.Т.** – PhD докторант, Университет международного бизнеса им. Кенжеғали Сағадиева. Email: makpaltalgatkyzy@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0002-7218-2627>